

Астана қаласының коммуналдық меншігіне бюджет қаражаты есебінен салынған мүлікті қабылдау және оны әрі қарай пайдалану тәртібін бекіту туралы

Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 25 қарашадағы № 501-3649 қаулысы

"Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 17-бабының 2) тармақшасына сәйкес Астана қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Астана қаласының коммуналдық меншігіне бюджет қаражаты есебінен салынған мүлікті қабылдау және оны әрі қарай пайдалану тәртібін осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. "Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне бес жұмыс күн ішінде жолдауды;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау "Астана қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы Д.З. Ешкеевке жүктелсін.

Әкім

Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің

2024 жылғы "—" _____

№ _____ қаулысына

қосымша

Астана қаласының коммуналдық меншігіне бюджет қаражаты есебінен салынған мүлікті қабылдау және оны одан әрі пайдалану тәртібі

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Астана қаласының коммуналдық меншігіне бюджет қаражаты есебінен салынған мүлікті қабылдау және оны әрі қарай пайдалану тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы", "Мемлекеттік

"мұлік туралы", "Жылжымайтын мұлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы", "Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы", "Табиғи монополиялар туралы" заңдарына сәйкес өзірленді және Астана қаласының коммуналдық меншігіне бюджет қаражаты есебінен салынған мұлікті қабылдау, меншік нысанына қарамастан Астана қаласының ғимараттарын, құрылыштарын, инженерлік желілерін күтіп ұстау, пайдалану және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, белгіленген тәртіpte жаңадан пайдалануға беру және қолданыстағы объектілерді қайта құруды аяқтау, ведомстволық бағынысты аумақтағы объектілерді сақтау және тиісінше пайдалану жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруға бақылауды жүзеге асыру процесінде туындаитын қатынастарды реттейді.

2. Тәртіпте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бюджеттік бағдарлама әкімшісі – бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелерге қол жеткізуға жауапты, мұлікті коммуналдық меншік құрамына қабылдауды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган;

2) объектіні пайдалануға қабылдау актісі (салынған объектіні пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік қабылдау комиссиясының актісі) – бекітілген жобаға және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге сәйкес объект құрылышының аяқталғанын және объектіні пайдалануға толық дайындығын растайтын құжат;

3) теңгерімдік құны – актив немесе міндеттеме бухгалтерлік теңгерімде танылатын сома;

4) жер участкесіне арналған сәйкестендіру құжаты – жер, құқықтық және қала құрылышы кадастрын жүргізу мақсаты үшін қажетті жер участкесінің сәйкестендіру сипаттамасынан тұратын құжат;

5) коммуналдық мұлік – әкімшілік-аумақтық бөліністердің мұлкі;

6) коммуналдық заңды тұлғалар – мұлкі Астана қаласының коммуналдық меншігіндегі коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар мен коммуналдық мемлекеттік мекемелер;

7) жылжымайтын мұлік – жермен тығыз байланысты жер участкелері, ғимараттар, үй-жайлар мен басқа да мұлік, яғни мақсатына шамадан тыс зиян келтірілмей көшірілуі мүмкін болмайтын объектілер;

8) объект – өнеркәсіптік объектілер, өндірістік ғимараттар, құрылыштар, тұрғын үй – азаматтық мақсаттағы және басқа да ғимараттар;

9) электр энергетикасы объектілері – электр және жылу энергиясын өндіру, беру, жабдықтау және тұтыну саласы объектілері;

10) мердігер – Қазақстан Республикасының аумағында сәulet, қала құрылышы және (немесе) құрылыш қызметінің тиісті тұрлерін жүзеге асыратын және шарт негізінде жұмысты орындаитын лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлға;

11) тапсыруши тарап – қабылдаушы тарапқа мұлікті тапсыратын заңды тұлға;

12) қабылдаушы тарап (пайдалануши ұйым) – мұлікті шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында, сондай-ақ шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорындардың, жауапкершілігі шектеулі серік тестіктер мен акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға өз теңгеріміне қабылдайтын тарап;

13) құқықтық кадастран мәліметтер – құқықтық кадастрде қамтылған жылжымайтын мұлікке тіркелген құқықтар (құқықтар ауыртпалықтары) және мемлекеттік тіркеудің өзге де объектілері туралы ақпарат және тіркеуші орган ұсынатын тіркеу ісіндегі құжаттардың көшірмелері;

14) техникалық паспорт – құқықтық кадастр жүргізу үшін қажетті бастапқы немесе кейінгі объектінің техникалық, сәйкестендіру сипаттамасынан тұратын, жылжымайтын мұлікті мемлекеттік техникалық тексеру нәтижелері бойынша жасалған белгіленген нысандағы құжат;

15) коммуналдық меншікті басқару бойынша уәкілетті орган – жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын Астана қаласының коммуналдық мұлкін иелену, пайдалану, билік ету және пайдалануды мониторингілеу саласында басшылықты жүзеге асыратын атқарушы орган;

16) сәйкестік туралы декларация – мердігер (бас мердігер) аяқталған құрылыш алаңында орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтер талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжат;

17) квазимемлекеттік сектор субъектісі болып табылатын пайдалануши ұйым – мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекеттің 100% қатысуы бар акционерлік қоғамдар.

2-бөлім. Астана қаласының коммуналдық меншігіне бюджет қаражаты есебінен салынған мұлікті қабылдау тәртібі

3. Бюджет қаражаты есебінен салынған мұлік объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойған сэттен бастап коммуналдық меншікке түсті деп есептеледі.

4. Бюджеттік бағдарлама әкімшілері бюджет қаражаты есебінен салынған мұлік пайдалануға берілген сэттен бастап, объектіні пайдалануға қабылдау актісі негізінде, объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылған күннен бастап, бірақ мердігер объектіні тапсырған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен аспайтын мерзімде өзінің теңгеріміне есепке алынуын қамтамасыз етеді.

5. Бюджеттік бағдарлама әкімшілері жеке ресурстар есебінен немесе аутсорсинг тарту есебінен, бюджет қаражаты есебінен салынған мұлік пайдалануға берілген сэттен бастап, объектіні пайдалануға қабылдау актісі негізінде, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген 3 (үш) айдан аспайтын мерзімде жылжымайтын мұлікке меншік құқығын және тұрақты жер пайдалану құқығын тіркейді.

6. Салынған обьектіні коммуналдық меншікке қабылдаудың және пайдалануышы үйымдарға берудің белгіленген мерзімінен асып кеткен/бұзған жағдайда, бюджеттік бағдарлама әкімшілері белгіленген тәртіпте тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

7. Бюджеттік бағдарлама әкімшілері мүлікті тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Тәртіптің 13-тармағында көрсетілген құжаттар тізбесін коммуналдық заңды тұлғалардың теңгеріміне, сондай-ақ Астана қаласы әкімдігінің (бұдан әрі – әкімдік) қатысу үлесі бар акционерлік қоғамдардың акцияларын, жауапкершілігі шектеулі серікtestіkтердің жарғылық капиталдарын төлеуге обьектіні беру туралы бұйрықты әзірлеу үшін, әрі қарай пайдалану және тапсыруши және қабылдаушы тараптармен қол қойылған мүлікті қабылдау-беру актісін бекіту үшін коммуналдық мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға жолдайды.

8. Құқық белгілейтін құжаттарды даярлаумен, сондай-ақ обьектіні әрі қарай пайдалану үшін коммуналдық заңды тұлғалардың теңгеріміне, әкімдіктің қатысу үлесі бар акционерлік қоғамдардың акцияларын, жауапкершілігі шектеулі серікtestіkтердің жарғылық капиталдарын төлеуге бергенге дейін күтіп-ұстаумен байланысты шығыстар Тәртіптің 5-тармағымен белгіленген мерзім ішінде бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне жүктеледі.

9. Коммуналдық мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган Тәртіптің 13-тармағында көрсетілген құжаттар және "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 8-бабының 24-3) тармағына сәйкес табиғи монополиялар субъектілері реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсету кезінде технологиялық циклде пайдаланылатын мүлікті табиғи монополиялар субъектілеріне теңгерімге және (немесе) сенімгерлік басқаруға берудің бекітілген жоспары болған кезде:

берілетін инженерлік желілерге бағалау жүргізгеннен кейін 10 (он) жұмыс күннен кешіктірмей коммуналдық заңды тұлғалардың немесе пайдалануышы үйымдардың теңгеріміне обьектіні беру туралы бұйрықты рәсімдейді және мүлікті қабылдау-беру актісін бекітеді.

10. Бюджет қаражаты есебінен салынған обьектілер мынадай үйымдық-құқықтық нысандағы әкімдіктің қатысуы бар заңды тұлғаларға беріледі:

- 1) мемлекеттік мекемелерге;
- 2) мемлекеттік кәсіпорындарға;
- 3) теңгерімдік құны бойынша жарғылық капиталды ұлғайтуға (қалыптастыруға) жауапкершілігі шектеулі серікtestіkтерге. Егер мүліктің құны жиырма мың айлық есептік көрсеткішке балама сомадан асса, оның бағасын бағалаушы растауға тиіс.
- 4) бағалаушы белгілейтін баға бойынша акцияларды төлеуге акционерлік қоғамдарға.

Берілетін мүлікті бағалау бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен немесе коммуналдық мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte жүгізіледі.

11. Қабылдау-беру актісіне қол қоюдан бас тарту үшін негіз Тәртіптің 13-тармағында көрсетілген объектінің құнын бөлшектеп бөле отырып, объектіге (жылжымалы мүлік) құқық белгілейтін, сәйкестендіру (жылжымайтын мүлік) және техникалық құжаттардың болмауы болып табылады.

Бюджеттік бағдарлама әкімшілері қабылдаушы тараптан негізделген бас тартуды алған сәттен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде ескертулерді жоуды қамтамасыз етеді.

Сәйкестік туралы декларацияға қол қойғаннан кейін, техникалық сипаттағы және жобалық құрамдас бөлігі бойынша ескертулер қабылдау-беру актісіне қол қоюдан бас тарту үшін негіз болып табылмайды.

Қабылдаушы тараппен қабылдау-беру актісіне қол қоюдан негіzsіз бас тартуға жол берілмейді.

12. Қабылдаушы тарап Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде объектіге тиісті құқықты тіркеуді қамтамасыз етеді.

13. Объектіні әрі қарай пайдалану үшін коммуналдық заңды тұлғалардың теңгеріміне, әкімдіктің қатысу үлесі бар акционерлік қоғамдардың акцияларын, жауапкершілігі шектеулі серікtestіктердің жарғылық капиталдарын төлеуге беру туралы бұйрық жобасын әзірлеу үшін бюджеттік бағдарлама әкімшілері коммуналдық мүлікті басқару жөніндегі үәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) коммуникациялар мен инженерлік-коммуналдық шаруашылық желілерін қоспағанда, сәулет және қала құрылышы саласында функцияны жүзеге асыратын әкімдіктің құрылымдық бөлімшесінде есепten өткен және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорация" коммерциялық емес акционерлік қоғамында тіркелген объектіні пайдалануға қабылдау актісі;

2) жылжымайтын мүлікке техникалық паспорт;

3) әкімдіктің тұрақты жерді пайдалану құқығын ұсыну туралы қаулысынан үзінді;

4) жер участкесіне сәйкестендіру құжаты;

5) жылжымалы коммуникациялар мен инженерлік-коммуналдық шаруашылық желілерін, көлік инфрақұрылымының жылжымалы объектілерін қоспағанда, жылжымайтын мүлік объектісіне мекенжай беру туралы анықтама;

6) жылжымалы коммуникациялар мен инженерлік-коммуналдық шаруашылық желілерін, көлік инфрақұрылымының жылжымалы объектілерін қоспағанда, жылжымайтын мүлікке құқықтық кадаструден мәлімет;

7) қолдану мерзімі кемінде 5 (бес) ай болатын бірінші басшысы және бас бухгалтермен қол қойылған, тапсырушы тараптың мөрімен куәландырылған шығындарды толық көрсете отырып, объектінің теңгерімдік құны туралы анықтама немесе нарықтық құнын бағалау туралы есеп;

8) мемлекеттік және орыс тілдерінде кемінде 3 (үш) данадан, тапсырушы және қабылдаушы тараптармен қол қойылған мүлікті қабылдау-беру актісі;

9) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және жеке тұлғалар үшін оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама.

3-бөлім. Қорытынды және өтпелі ережелер

14. Тәртіпті қолдану Тәртіпті қабылдағанға дейін туындаған қатынастарға таратылады.

15. Тәртіппен регламенттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК